

Арнайы экономикалық аймақты тарату

Арнайы экономикалық аймақ осы арнайы экономикалық аймақтың құрылу мерзімі өткен соң таратылады.

Арнайы экономикалық аймақ таратылғаннан кейін өздеріне арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы жер учаскелерін кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау) құқығы тиесілі арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының, Қазақстан Республикасының шекаралық аймағы мен шекаралық белдеуінде орналасқан жер учаскелерін беру үшін көзделген шектеулер ескере отырып, Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен және негіздерде оларды сатып алу құқығы бар.

Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын ерікті түрде тарату туралы шешімді қатысушылардың (акционерлердің) жалпы жиналысы қабылдайды, ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кредиторлармен келісу бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін айқындайды.

Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты тарату

1. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ осы индустриялық аймақтың құрылу мерзімі өткен соң таратылады.

Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың жұмыс істеу мерзімі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының осындай индустриялық аймақ құру туралы тиісті шешімінде айқындалады.

2. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ таратылғаннан кейін осындай индустриялық аймақ қатысушыларының Қазақстан Республикасының шекаралық аймағы мен шекаралық белдеуінде орналасқан жер учаскелерін беру үшін көзделген шектеулер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен және негіздерде жер учаскелерін сатып алуға құқығы болады.

Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ таратылған кезде республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың қатысушысы жылжымайтын мүлік объектілерін және (немесе) онымен байланысты ғимараттарды (құрылысжайларды) салуды аяқтамаған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын үш жылдан аспайтын мерзімге береді.

3. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ таратылған кезден бастап осындай индустриялық аймақтың қатысушыларымен жасалған қызметті жүзеге асыру туралы шарттар өз қолданысын тоқтатады.

Таратылатын индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес таратылуға жатады.

1. Арнайы экономикалық аймақ осы арнайы экономикалық аймақтың құрылу мерзімі өткен соң таратылады.

2. Арнайы экономикалық аймақ таратылғаннан кейін өздеріне арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы жер учаскелерін кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау) құқығы тиесілі арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының, Қазақстан Республикасының шекаралық аймағы мен шекаралық белдеуінде орналасқан жер учаскелерін беру үшін көзделген шектеулер ескере отырып, Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен және негіздерде оларды сатып алу құқығы бар.

Бұл ретте осындай арнайы экономикалық аймақтың аумағы – республикалық маңызы бар индустриялық аймақ мәртебесіне, оның басқарушы компаниясы – индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы мәртебесіне, ал осындай арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары мен қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар индустриялық аймақтың қатысушылары мәртебесіне ие болады.

АЭА таратылған кезде оның несие берушілерінің талаптары, АҚ-ның 51-бабында көзделгендей, мынадай кезек бойынша қанағаттандырылады:

- бірінші кезекте – таратылатын заңды тұлға өміріне немесе денсаулығына залал келтіргені үшін жауапты болған азаматтың талаптары тиісті мерзімді төлемдерді капиталға айналдыру жолымен қанағаттандырылады;
- екінші кезекте – несие берушілердің қамтамасыз ету сомасы шегінде таратылатын банкроттық мүлкін кепілге салып, қамтамасыз етілген міндеттемелері жөніндегі талаптары қанағаттандырылады;
- үшінші кезекте – еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың еңбегіне ақы төлеу және авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі есеп айырысу жүргізіледі;
- төртінші кезекте – бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер жөніндегі берешек өтеледі;
- бесінші кезекте – заң құжаттарына сәйкес басқа да несие берушілермен есеп айрылысады.

Әрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толығымен орындалған соң қанағаттандырылады.

Заңды тұлғаның несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкі, егер заңдарда немесе заңды тұлғаның құжаттарында өзгеше көзделмесе, оның бұл мүлікке заттық құқықтары бар немесе заңды тұлға жөнінде міндеттемелік құқықтары бар меншік иесіне немесе құрылтайшыларына беріледі (АҚ-ның 51-бабының 5-тармағы).

Таратылған заңды тұлға мүлкінің жеткіліксіз болуына байланысты несие берушілердің қанағаттандырылмаған, сондай-ақ тарату балансын бекіткенге дейін мәлімделмеген талаптары өтелген деп есептеледі.

Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне тиісті жазба жасалғаннан кейін заңды тұлғаның таратылуы аяқталады, ал заңды тұлғаның өмір сүруі тоқтатылады (АҚ-ның 50-бабының 10-тармағы).